

**«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Н.Ә. Назарбаев  
шығармаларындағы нарратив пен дискурс» тақырыбындағы  
Хуатбекұлы Ерманаттың диссертациясына  
ресми рецензенттің**

**ШКІРІ**

**I. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.**

Фольклорымыз бен көне жазба ескерткіштерімізде сақталып қалған елбасылар мен қолбасылардың, билер мен шешендердің небір айшықты ойлары мен мазмұны терең сөздері, кімді де болса ойға қалдырып, уәжді қисынға еріксіз тоқтататын шешендік өнері атадан-балаға мирас болып бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» секілді ел билеудегі қағидалары – тарихи сабақтастық арқылы жеткен ұлттық құндылықтарымыз болып саналады.

Саяси мәтіндерді әдебиеттің зерттеу аспектілері тұрғысынан зерттеп, ғылыми тұжырымдама жасаған еңбектер әлем әдебиетінде көптеп кездесе, салыстырмалы тұрғыда алғанда қазақ әдебиеттануында сирек кездеседі.

Осы орайда, докторант Хуатбекұлы Ерманаттың «Н.Ә. Назарбаев шығармаларындағы нарратив пен дискурс» тақырыбындағы зерттеу жұмысы соңғы ширек ғасырдағы саяси еңбектерге әдебиеттану ғылымы тұрғысынан талдау жасап, олардың табиғатын танып, өзіндік ерекшеліктерін анықтаған еңбек болып саналады. Зерттеуші өз кезегінде Н.Ә. Назарбаев шығармаларын нарратив пен дискурстың теориялық негізінде талдап, поэтикалық аспектіде қарастырған. Нарратив пен дискурс терминдері бұған дейін өзге ғылым салаларының, атап айтқанда, лингвистика, саясаттану, философия ғылымдары тұрғысынан зерделеніп келді. Әдебиеттану ғылымының аясында аталмыш бағыттағы зерттеу жұмыстарының жазылуы пәнаралық байланыстардың күшейгенін және тақырыпқа әр қырынан қараудың маңызды екенін көрсетеді.

Егемендігін алған елдердің, ең алдымен, өз түпкі тарихын зерделеп, рухани-мәдени бірегейлігін іздейтіні заңдылық. Қазіргі қазақ қоғамында бұл үрдіс қарқынды түрде жүріп жатыр. Диссертацияда Назарбаев еңбектерін жіті зерттеп, соның ішінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында қыруар ғылыми-мәдени мәні жоғары жобалар жасалғаны сөз етілген. Бүгінде соның жалғасындай болып «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асып жатқаны белгілі. Халықтың рухани келбетін, өзіндік даралығын әдеби көзқараста зерттеп, ғылыми тұрғыдан талдап-таразылау еліміздегі рухани жаңғыру үдерісінің оң болуына әсер ететін факторлардың бірі болады деп есептейміз. Сондықтан да зерттеу тақырыбының өзекті екендігі күмән туғызбайды.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалары» бойынша басым бағытқа жататын «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» бөлімінің «Әлеуметтік және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері және пәнаралық зерттеулер» атты 5.1.1. тармағының мазмұнымен сәйкес келеді.

## **II. Докторант оқыған мамандық пен диссертация тақырыбының сәйкестігі.**

Докторант Хуатбекұлы Ерканаттың «Н.Ә. Назарбаев шығармаларындағы нарратив пен дискурс» атты диссертациялық жұмысы «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша сәйкес келеді. Әлемдік және отандық ғалымдардың нарратив пен дискурс терминдеріне берген анықтамаларын жіті назарда ұстап, өзге пәндермен байланысын анықтап, әдебиеттік аспектіге басымдық бере отырып зерттеу жүргізген. Зерттеу жұмысында нарратив пен дискурс туралы теориялық тұжырымдар негізге алынып, Н.Ә. Назарбаев шығармаларындағы аталған мәселелерге жан-жақты талдау жасалған.

Диссертант поэтикалық дискурс, саяси дискурс, діни дискурс, құқықтық дискурс т.б. мәніне үңіле отырып, аталмыш дискурстардың бір-бірінен айырмашылықтары мен ұқсастықтарына ғылыми анықтама берген. Нәтижесінде, Н. Назарбаев еңбектерінен нақты мысалдар келтіріп, сайлау алды үгіт-насихатта саяси дискурс пен діни дискурстың ұқсастықтарына салыстырмалы талдау жасаған. БАҚ дискурсы мен жарнамалық дискурстың саясаткер шығармашылығындағы алар орнын анықтап, поэтикалық дискурс тұрғысынан қорытындылаған.

Саясаткер еңбегін әдеби көзқараста талдаудың нәтижесінде Елбасы шығармалары ұлттық құндылықтарды насихаттайтын құнды еңбек ретінде бағаланып, ғылыми анықтама берілген. Докторант шетелдік және отандық ғалымдардың анықтамалары мен зерттеу әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып, Н. Назарбаев еңбектеріндегі нарратив пен дискурстың мәнін ашқан.

Ізденушінің диссертация тақырыбы бойынша «Discourse: Leader and the Modern Literature» атты мақаласы «Scopus» деректер базасына кіретін «Orsión» журналында 2019 жылы жарияланған.

## **III. Автордың өзі жазу принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.**

Ізденуші Хуатбекұлы Ерканаттың ой-пікірлері, тұжырымдары мен қорытындылары жүйелі әрі нақты. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жазу тәжірибесі бар. Диссертациялық жұмысында Тәуелсіздік алғаннан кейінгі саяси оқиғалар кең әрі пәнаралық негізде зерттелгені байқалады. Бұл тарапта зерттеу еңбекте өзге сала әдебиеттерінен алынған дәйектемелер, ізденушінің көркем мәтінді әлеуметтану, психология, мәдениеттану, философия салаларымен ұштастыра отырып қарастыруы сөзіміздің дәлелі бола алады. Диссертанттың теориялық дайындығы, пайдаланылған ғылыми

әдебиеттердің молдығы және деректерді шетелдік қайнар көздерден еркін пайдаланғаны оның тақырыпты терең әрі тыңғылықты ашып бергенін көрсетеді. Ізденушінің ғылыми тұжырымдары ғылыми жаңашылдығымен, ой жүйелілігімен және тұжырымдарының дәйектілігімен ерекшеленеді.

#### **IV. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

Зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңалық деңгейі төмендегідей:

**Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа;** докторант дискурс пен нарративтік тұрғыда Н.Ә. Назарбаев еңбектеріне талдау жүргізген, бұл қазіргі уақытта әдебиеттануда зерттеу нысанына айнала қоймаған тақырып, сонымен қатар Елбасы еңбектерін жаңа қырынан танып, көркемдігіне мән бере отырып ғылыми тұрғыда талдаған.

**Екінші ғылыми нәтиже – жаңа;** ізденуші бұған дейін саясаттанудың негізгі зерттеу объектісі болып келген саясаткер еңбектерін әдеби аспектіде талдаған, бұл әдебиеттану ғылымына жаңа тыныс, тың серпін әкелген. Дәстүрлі әдеби талдауларды жаңғырта отырып, нарратив пен дискурс терминдерін зерттеу жұмысында сәтті пайдаланған.

**Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа;** Елбасы еңбектерінің арасынан көркемдігі жоғары шығармаларын іріктеп алып, әлемдік саясаткерлер мен отандық шешендердің сөз қолдану тәсілдерін қатар ала отырып салыстырмалы талдау жүргізген. Өмір шындығы мен авторлық шешімнің ара жігін ажыратып, нақты ғылыми дәлелдер ұсынған.

#### **V. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңызы.**

Зерттеу тұтастай ішкі логикалық бірлікке ие. Нарратив пен дискурстың шығармада атқаратын қызметі сарапқа салынып, ғылыми тұрғыдан талданған. Н. Назарбаев еңбектерін көркемдік-эстетикалық деңгейде қарастырып, ұлттық құндылықтарға баса назар аударылған. Теориялық және практикалық мәселелері нақты сабақтастықта жүйеленген.

#### **VI. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.**

**Бірінші ғылыми нәтиже.** Ізденуші Хуатбекұлы Ерканат Елбасы еңбектеріндегі поэтикалық дискурс пен нарративтің қолданылуын нақты зерделей білген. Зерттеу барысында авторлық уақыт пен нақты уақыттың ара жігін ажыратуда нарративтік уақыттың атқаратын қызметі айшықталған. Теориялық анықтамаларға көркем шығарманы талдау арқылы нақты дәлелмен, түсініктеме берген. Әр тараудағы тұжырымдар жүйеленіп, қорытындыланған. Бұл ізденушінің көп ізденгенін және жұмыстың шынайылығын көрсетеді.

**Екінші ғылыми нәтиже.** Докторант Хуатбекұлы Ерканат саясаткер еңбектерін әдеби-көркемдік тұрғысынан зерттеу барысында саяси дискурстың ауыз әдебиетінен бастау алатындығын тілге тиек еткен. Елбасы

еңбектерінде нарықтық, экономикалық, әлеуметтік һәм ұлттық құндылықтардың үстем екендігін дәлелдеген. Нәтижені шынайы деп бағалаймыз.

**Үшінші ғылыми нәтиже.** Докторант нарратив пен дискурс терминдерін пәнаралық байланыста ғана қарастырып қоймай, әдебиеттану ғылымы тұрғысынан зерттеуге басымдық берген. Отандық және шетелдік ғалымдардың пікіріне сүйеніп, дискурстағы ұлттық таным теориясына негіздеп дискурс пен семантика арасындағы байланысқа назар аудара отырып, тілдік таңбаларға тоқталған. Нәтижесінде, Қазақ халқының салт-дәстүріндегі, дүниетанымындағы ерекшеліктерге нақты мысалдар арқылы баға берген. Диссертацияның шынайылық дәрежесі күмән туғызбайды.

### **VII. Академиялық адалдық принципі.**

Ерканат Хуатбекұлы диссертациялық жұмысында академиялық адалдық принципін толықтай ұстанған. Ізденуші авторлық құқық нормаларын сақтаған және зерттеу жұмысында 115 дереккөзді пайдаланған. Әсіресе нарратив пен дискурс терминдеріне ғылыми анықтама беруде С.Қирабаев, Ш.Елеукенов, Р.Нұрғали, Б.Майтанов, Ж.Дәдебаев, Э.Сүлейменова, Т.Есембеков, А.Ісімақова, Г.Пірәлі, А.К.Ахметбекова, Г.Орда, А.Темірболат, А.Б.Тұманова, Н.Ж.Кенжеғараев, Т.Сенебеков, Г.Г.Бүркітбаева, Б.С.Жұмағұлова, Д.С.Бейсенбекова, Г.Ж.Жаңабаева, Б.Қалиұлы, К.Қ.Садирова, Б.С.Саденова, Ә.Жұмағұлова, Қ.Е.Есенова, Г.Ә.Мұратова, А.Жалалова, Владимир Папов, Леви-Строс, Э.Бюиссанс, Э.Бенвенист, Зелги Харрис, Р.Барт, У.Эко, Ж.Бодрийяр, П.Серио, Е.И.Шейгал, О.Ф.Русаква, Х.Миллер, Р.С.Грейн, В.Бут, В.Шмид, К.Мейстер т.б. шетелдік және отандық көрнекті ғалымдардың еңбектерін пайдаланғаны құптарлық. Ғылыми әдебиеттерге, көркем шығарма авторларына сілтеме жасаған. Ғылыми жұмыста академиялық адалдық принципіне қайшы келетін қандай да бір тұжырым, мәтін немесе идеялық бұрмалаушылықтар кездеспейді.

### **VIII. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы.**

Докторанттың жұмысы тұтастай ішкі логикалық бірлікке ие. Н. Назарбаев еңбектері нарратив пен дискурстық аспектіде талданып, өзіндік ерекшеліктері айқындалған.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқылатын «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Әдебиет поэтикасы», «Дискурстық теория және оның типологиясы», «Сөз мәдениеті» сынды арнаулы курстар мен семинарларда қосымша ғылыми еңбек ретінде пайдалануға болады.

**IX. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы.**

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар саны мен көлемі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау комитетінің талаптарына сай келеді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен тұжырымдары, қорытындылары бойынша 7 мақала жарық көрген: 1 мақала нөлдік емес импакт-фактор ғылыми басылымында, 3 мақала халықаралық конференция материалдарының жинақтарында, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті бекіткен тізімге енетін басылымдарда жарияланған.

#### **X. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.**

Диссертацияның ғылыми және тәжірибелік маңызының жоғары екендігін ескере отырып, докторант болашақта мына мәселелерді назарда ұстаса дейміз:

- Пайдаланылған әдебиеттерде отандық ғалымдардың үлесін арттыру.
- Салыстырмалы талдауда әлемдік саясаткерлердің еңбектерін молырақ пайдалану.

Дегенмен көрсетілген кемшіліктер жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұқсан келтірмейді.

#### **XI. Диссертация мазмұнының ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Ізденушінің диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығына 1-қосымшасындағы «Дәрежелерді беру қағидаларының» 5, 6, 7-тармақтарына толықтай сәйкес келеді.

Докторант Е. Хуатбекұлының «Н.Ә. Назарбаев шығармаларындағы нарратив пен дискурс» атты диссертациялық жұмысындағы ғылыми тұжырымдары мен нәтижелері маңызды әрі өзекті. Жұмыс – отандық филологиядағы дискурстық және нарративтік әдебиеттанудың, кеңірек алғанда пәнаралық ғылым салаларының дамуына үлес қосатын, ғылыми аппараты дұрыс, аяқталған зерттеу. Осы аталғандардың негізінде Хуатбекұлы Еркнаттың «Н.Ә. Назарбаев шығармаларындағы нарратив пен дискурс» атты диссертациялық еңбегін «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге болады деп есептеймін.

**Пікір беруші:**

**Сулейман Демирел университетінің доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты**



**Ж.О. Мамбетов**